

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

«ЗАҢТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКА» КАФЕДРАСЫ

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырып: _____

Орындаған: _____

Группа: _____

Қабылдаған: _____

—

- Оқ-дәрінің (патрондардың, артиллерия снарядтарының, миналардың, гранаттардың, жарылғыш заттардың) және оның бөліктерінің (капсюлдер, тұтандырғыштар, детонаторлар) жарылуынан бастап алынатын қарудың барлық түрінен салынатын жарақаттар *оқ тигендегі жаралар* деп саналады

Мұнда оқты қарудан немесе жарылатын заттан алынған механикалық жарақаттар қарастырылады. Оқ тиген кездегі жарақаттар механикалық, химиялық, термиялық әсерден пайда болады.


Оқ тигендегі жарақаттардың пайда болуы: оқ энергиясына, зақымданған дененің анатомиялық ерекшеліктері (жұмсақ ұлпалар, сүйек, шеміршек) мен жәбірленушінің киімінің қалыңдығына байланысты.

- Сот медицина сараптамасын жүргізгенде сарапшының осы жарақаттардың сипаты мен механизміне, қолданылған снаряд пен оқ атылған қаруға, атылған қашықтыққа, зақым келтірілген атыс санына, оқтың кірген және шыққан жеріне, жара жолының бағытына, т.б. қатысты бірқатар сұрақтарға жауап қайтаруына тура келеді.



Атылатын қару және оқ-дәрі.

Атылатын қару артиллерия және атыс қаруы болып бөлінеді:



Атылған кезде оқпанның оқтан басқа да заттар атылып шығады. Олар мыналар:



Қызған газдың ауадағы оттегімен реакциясынан түзілетін жалын

Газ

Ыс

Жанып кеткен және шала жанған тығындар

Оқпанның ұңғысынан, оқтан, гильзадан ұшқан металл бөлшектер



Оқ тиген жарақатқа диагноз қою

Оқ тиген жарақаттың тесіп өткен және тұйық жара болуы мүмкін. Тесіп өткен жарақат жағдайында оқ адамның денесі арқылы тесіп өтіп кетеді, ал тұйық жара кезінде оқ тесіп өтіп кете алмайтындықтан, денеде тұрып қалады. Кейде жанап өткен жарақаттар да болады, бұл орайда оқ денені жанап өтіп, жұмсақ ұлпалардың бетін ғана жаралайды немесе жырып өтеді. Ал айнала жаралаған кезде оқ сүйекке тиіп, оның бетімен сырғанап жүріп, сол арқылы дененің белгілі бір бөлігін орап өткен сияқты болады. Орап өтетін жарақат та тұйық және тесіп өткен жарақат болуы мүмкін.



- Оқ шыққан тесіктің пішіні бірқатар жағдайларға байланысты. Егер оқ денеге тура тисе, оның шыққан тесігі әдетте дөңгелек болады. Ал егер оқ денеге қиғаштай тисе, ол шыққан тесік сопақша болады. Маңайындағы ұлпалардың қысқаруы, кебуі және т.б. есебінен оқ шыққан тесіктің бастапқы пішіні өзгеруі мүмкін. Сондықтан жараның пішініне ғана қарап, оқтың шыққан тесігі туралы және сол арқылы оқ тиген жарақаттың өзі туралы пікір айтуға



Ату аралығын анықтау

тақап тұрып ату



жақын жерден ату



алыс қашықтықтан
(алыс жерден) ату



Тақап тұрып атқан

жағдайда қарудың аузы денеге тіреліп тұрады. Бұл орайда қрау денеге толық тіреліп, қысылып тұруы (толық саңылаусыз тақалу), қарудың аузы денеге тимей тұруы (саңылаулы тақалу), қару денеге қиғаштап тірелген кезде денеге оның аузының жиегі ғана тиәп тұруы (бүйірден тақалу) мүмкін.

Қару толық тақалып тұрған жағдайда жара жолы оқпан ұңғысының жалғасы сияқты келеді, сондықтан атудың барлық қосымша факторлары жара жолын зерттегенде ғана

анықталады.

Жақын жерден ату дегеніміз денеге оқ тиіп қана қоймай, сонымен қатар оған атудың қосымша факторларының да, мысалы, жалынның, газдың, күйенің, дәрі ұнтағының, қару майының әсер етуі болып табылады. Қарудан алыстаған сай

ын қосымша факторлар оқтың бағыты жағына қарай кеңейе беретін конус түрінде жайыла түседі.

Алыс қашықтықтан (алыстау жерден) атқан жағдайда денеге оқтың өзі әсер етеді, ал қосымша факторлар табылмайды. Алыс қашықтықтан атқанда күйе көбінесе киімнің ішкі қабаттарына немесе тері бетіне жұғатыны, бұл орайда киімнің сыртында оның болмайтыны жоғарыда айтылды. Күйенің орналасу сипаты да жақын жерден атқандағыдан басқаша болады.

Атылған қаруды анықтау

Оқ – дәрі түйірлерінің пішіні мен көлемі бойынша, өйткені қарудың жекелеген түрлерінің патрондарында оқ дәрінің белгілі бір түрлері болады

Оқ бойынша, өйткені қарудың әрбір түріне арнаулы патрондар мен оө түрлері сәйкес келеді. Алайда қарудың басқа түрінің патрондарын пайдаланып атуға, мысалы, калибрлі ұқсас тапанша патрондарын салып, револьвермен атуға болатынын ескеру керек

Жарақаттардың сипаты бойынша. Мысалы, бір-біріне жақын және бірінен кейін бірі белгілі ретпен орналасқан көптеген оө жарақаттары болғанда автоматты қарумен жарақат салынды деуге болады.

Қару аузының таңбасы (штанцмарка) бойынша, өйткені қарудың әрбір түрінің өзіне тән таңбасы болады.

Оқ жарақаты мен сүйек зақымдануының көлемі бойынша. Оқ жарақаты көлемінің оқ калибріне дәл сәйкес келмейтінін есте ұстау керек, өйткені оқ атылған сәтте терінің созылып, одан соң жиырылуы себепті терідегі оқ кірген тесік әдетте оқтың калибрінен едәуір тар

Оқтың тесігі өру қабилеті бойынша. Мәселен, бастың сүйегі мен миының зақымдануы қаруды тақап тұрып немесе жақын жерден винтовка, карабин, аңшылық мылтық сияқты қуатты қарумен атқандықты көрсетеді

Қорытынды

- Медицина ғылымы бола отырып, сот медицинасы заң пәндерімен жиі жанасады. Сот медицинасы бір-бірінен алыс жатқан екі білім саласымен тығыз байланысты. Өз алдына дербес медицина ғылымы бола отырып, ол қылмыстық істерді тергеу мен сотта қарау кезінде сот әділдігі органдарында туындайтын медициналық, биологиялық мәселелерді шешіп береді.
- Сот медицина тәжірибесінде пайдаланылатын зерттеу әдістері мен тәсілдерінің санының барған сайын көбейе түсуі неғұрлым тереңірек негізделген және объективті қорытындылар беруге мүмкіндік туғзып отыр.
- Бұл жұмысты жазу барысында қалай атылатын қару және оқ дәріні анықтайтынын, оқ тиген жарақатқа диагноз қоюды, ату аралығын анықтауды және оқ жарақатының ретін анықтауды түсіндім, білдім. Және оларға сараптамалық баға беру мәселелері жайында талдадым.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

- Қ. Қаракөбенов Қ 41 Сот медицинасы: Оқулық. - Алматы: «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» 1996. – 320 б.
- Жетпісбаев Ғ.А., Османова Г.Ж. Ж 56 Сот медицинасы: дәрістер жинағы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2011. – 256 б.